

Мемлекет басшысы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің болашағы үшін маңызды мәселелерді көтерген болатын. Онда елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиістігі баса айтылған еді. «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды орқендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкінг, цифрлы қызмет қорсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономика-ларының құрылымын өзгертіп, дәс-түрлі салаларға жаңа сапа дарытты» деп нақты бағдар да берді.



Цифрлы технология біз-дін өмірімізге тәуелсіз-дігі-міздің бастапқы жылдары-ақ енгізіле бастаған. Оған мысал ретінде мектептерді жаппай компьютерлендіруді, оның тек мектептерде емес, кенседе де, үйде де негізгі ақпарат-тық құрал болғанын, ол арқылы ақпаратты сақтап, интернет желісі арқылы кез келген жерге жібергенді, сондай-ақ айлық жалақыны банкомат карточкалары арқылы алғанды, сымсыз телефондар арқылы байланыса бастаған уақытты, желілік телеарналар қорсетілімін тамашалаған алғашқы сәттерді жатқызуы-мызға болады. Ал кейінгі жылдары білім саласында енгізіле баста-ған электронды күнделік те – осы цифрландыруға қошуде жасалған қадамдардың бірі. Сонымен қатар бүгінде электронды сауда да дамыған. «Instagram», «OLX», «Маркет» желілері арқылы сауданың қызы түскенін де айтуға болады. Бұрындары жаңа бас-пана сатып алу үшін қалада «Үй сатылады» деген барлық жерді қолқпен аралап-, уақыт шығындайтын жұрт бүгінде үйде отырып-ақ аталмыш желілерде

суретімен коса орналасқан жарнама-ларды көріп, өзіне керектісін ала алатын болған. Сондай-ақ, коммуналдық төлемдер үшін кезек күтіп, арнайы- бір күннің жоғалтатындар да қазір кез келген дүкенде орналасқан терминалдар не ұялы телефонға жvk-телетін қосымшалар арқылы төлемдерін жүргізе алады. Ал «eGov» жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі көмегімен бүгінде жүзеге асырылатын жүздеген операцияның орны тіптен бөлек. Жалпы, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда 4 бағыт бар. Бірінші бағыт – ауыл-аймақ-ты кен жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзит-тік әлеуетін арттыру. Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау-, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы техноло-гияны ендіру. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасы-н арттыру және төртінші бағыт – IT-маманд-арды даярлау.

Осының ішінде денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Бүгінде басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Әсіресе, денсаулығы сыр бергендіктен дәрігерге қаралу үшін емхана жағалап жүргендерден көз сүрінеді. Таяғын таянып, пакет-іне ауыр денсаулық карточкасын салып не баласын көтеріп, әуірімдеп жүрген жандар дәрігер қабылдауына кіру үшін тіркеу бөлімінде сағаттап талон- күтіп тұрады. Ауырып тұрған науқа-сты дәрігер талонсыз қабылда-майтынын ескерсек, олардың осы жағдай-да кезекке тұруының өзі – мұн әрі үлкен жұмыс. Ал егер дәл сол күнге, сол сәтке талон жоқ болса, қанша уақытыңыз босқа кетіп, амалсыздан кері қайтасыз. Бірақ «Цифрлы Қазақстан» жобасы аясында іске қосылған «DamuMed» мобильдік қосымшасы бұдан былай кез келгеннің уақытын үнемдеп, үйінде отырып-ақ дәрігерге жазылуына, дәрігерді шақыртуына мүмкіндік беретін болады.

«DamuMed» – 2017 жылы «Денсаулық сақтау саласындағы ең үздік IT шешім» халықаралық байқауында жеңім-паз болған арнайы мобильдік қосымша. Бұл қосымшаны сіз ұялы телефо-ныңызға «Play market» арқылы жүктеуі аласыз. Ал оған кіру үшін өзіңіз тұратын аймақты белгіліп, ары қарай ұялы телефоныңыздың нөмірі мен жеке куәлігіңіздің ЖСН (ИИН) нөмі-рін тіркесеніз болғаны. Деректердің бәрі алдыңыздан шыға келеді. Жасыратыны жоқ, осыған дейін баланыз не үйдегі карт кісі ауырып қалса, емхана дәрігерін шақырту мұн болатын. Үй телеф-оны жоқ болса, уақытыңызды шығынд-ап арнайы емханаға баруға да тура келетін. Осындайда бұл қосымша смартфон-ы бар кез келген адамға көмекке келеді. Ал смартфон-ы жоқ жандар бүгінде аз.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына сай Қызылорда облысының медицина қызметкерлері 2017 жылдың ортасынан бастап қағазсыз күжат айналымына- көшкен. Қазіргі таңда сырбойылық-тардың электронды денсаулық пас-порты даярланып жатыр. Қаламыздағы №6 емхана да бұл бағыттағы жұмыс-тарын бастап кетті. Әрбір дәрігер көмегі-не келген тұрғынға осы бағдар-лама туралы түсіндіріп, өздерінің үйде отырып-ақ дәрігерге жазылуына, оны шақыртуына мүмкіндіктері бар екен-діктерін айтуда.

– Былтырғы жылдын ортасынан бастап медициналық ақпараттандырылған жүйеге көштік. Онда әр тұрғынның өзінін электронды денсаулық паспорты болады. Басталған цифрландыру жобасы бізге басқа да қосымша мүмкіндіктер береді. Сол мүмкіндіктердің бірі – қазіргі таңда көп тараған «Даму-мед» мобильдік қосымшасы. Бұл мобильдік қосымша – әр тұрғынның жеке кабинеті. Бір рет тіркелгеннен кейін оның мүмкіндіктерін ұдайы пайдаланып отыруға болады. Оның ішінде дәрігерді үйге шақыруға, қабылдауға алдын ала жазылуға, еңбекке жарамсыздық парағын, рецептін электрондық нұсқалары мен зертханалық сараптаманың нәтижесін көруге мүмкіндік бар. Сондай-ақ, осы қосымша арқылы әрқайсысы өзіне ғана емес, өзінін ата-анасына, 14 жасқа дейінгі балаларына да қызмет ала алады. Сонымен қатар «Дабыл түймесі» модулі арқылы 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары, жүкті әйелдер мен диспансерлік есепте тұратын науқастар бір түймені баса отырып, жедел жәрдем дәрігерлерін шұғыл түрде үйге шақырта алады, дейді №6 емхана бас дәрігерінің пациенттерді қолдау қызметі бойынша орын-басары Күлмариям Ташенова.

Айта кетейік, бұл бағдарлама арқылы ақпарат алмасу да өте жеңіл. Ойткені мәліметтің барлығын интернет желісіне қосылған кез келген ұялы телефоннан қорға аласыз. Кейде өзге өңірге порталмен еңделуге барып, кенеттен кей анализдеріңіздің жауабы карточкаға тіркелмей қалатын сәттер де болады. Осындайда өзгелерге «поездан салып жібересің бе, факспен аударма аласың ба?» деген секілді отініштерді айтпай-ақ, аталмыш мобильдік қосымша арқылы бар ақпаратты ала аласыз.

Рас, облыс, аудан орталықтарында интернет желісі жақсы тартқанымен, мүлдем желі ұстамайтын шалғайдағы ауылдар бар. Осындайда «ұялы телефонның желісі ұстамайтын алыс елді мекендер, тек ұй телефонымен қың қоретін тұрғындар қайтеді?» деген сұрақтың туатыны заңды. Алайда бұған бола дамыған елдердің тәжірибесінен қашуға болмайды. Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің мәліметінше, 2021 жылы елімізде аудан, қала орталықтарынан шалғайда орналасқан 1249 елді мекен жоғары сапалы интернетпен қамтамасыз етіледі деп жоспарлануда екен. Бұл алыстағы ауыл тұрғындарына тек дәрігерлік қызмет емес, мемлекеттік және тағы да басқа интернет арқылы жүргізілетін қызмет түрлерін алуына оңтайлы жағдай тудырып, үлкен мүмкіндік беретіні анық.

Одан бөлек жыл басында облыс әкімі К.Кошербаев Қытай еліне арнайы іссапармен барып, онда «ақылды қала» жобасымен танысып қайтқан болатын. Іссапар барысында «Huawei» компаниясымен меморандумға қол да қойылған еді. Ойткені Сырдарияның сол жаға-лауында салынып жатқан қала құрылысы «ақылды қала» ретінде жүзеге аспақ. Ал бұл сізге жұмысыңызда отырып-ақ үйіңіздегі жарықты сондіруге, есігіңізді қылыптауды

вмытып кетсеніз, сол олқылы-қты жоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, егер де сіз аялдамада өзіңіз мінетін қоғамдық көлікті күтіп тұрсыз делік. Күткеніңізге жарты сағаттан асып кетті, ал оның қашан келетіні белгісіз. Осындайда «ақылды аялдамалар» келесі автобустың қанша уақытта келетінін көрсететін болады. Соған сәйкес сіз де «бұл автобус әлі келмейді екен, одан да мына қоғамдық көлікке міне берейін. Үйіме сәл де болса жақындайды» деп екі-үш аялдама ерте тастап кететін маршруттарға мінуге асығасыз. Облыс- әкімі К.Кошербаев қатысқан қаламыздағы ІТ парктің ашылу салтанатында мұнан да басқа ақылды қала жобасы аясында атқарылатын жұмыстар туралы айтылды. Мысалы, қалалық қосымша білім беру орталығындағы «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі Раушанбек Сағадиевтің қарамағындағы бір топ оқушы, дрон тәрізді құрал, 3D принтер, спорттық және мүмкіндігі шектеулі адамдарға су әкеліп беруге көмектесетін роботтар ойлап тапқан.

*– Мысалы, дрон тәрізді бұл құрылғыға арнайы камера орнатылған. Ол пульспен басқарылады. Егер адамдар жогалып кететін болса, оны табуға көмектеседі. Ал мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған робот мобильді қосымша арқылы басқарылып, тұрған стаканға су құйып әкеліп бере алады. 3D принтердің пайдасы тіптен көп. Олар арнайы бағдарламаға салынған кез келген заттың мүсінін, яғни оның бөліктерін зат ретінде шығарып бере алады (өз қозғалысымен де қор-дік. – **ред.**). Егер қазіргі принтер суретін ғана шығарса, бұл принтердің ерекшелігі – заттың өзін шығарады, тек бөлшектеп. Ал оны кейін құрастырып аласыз. Кейде өзімізге қажетті құралдар жетпей-қалып жатса, осыдан шығарып аламыз,*
- дейді Раушанбек Сағадиев.

ІТ парк – бойында таланты бар кез келген жанды одан әрі шыңдауға мүмкіндік беретін орталық. Мұндай орталық алғаш рет республика бойынша Қызылорда қаласында ашылып отыр. Елбасының «Төртінші онеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауына сәйкес, 10 міндеттеменің 7-еуі сала-ларды цифрландыруға бағытталған. Осы негізде ағымдағы жылдың қантар айында облыс әкімінің басшылығымен арнайы топ Қазан қаласындағы ІТ-Паркінің қызметімен танысып, соның үлгісіндегі орталықты облысымызда жүзеге асыруға шешім қабылдаған болатын.

– ІТ саласындағы жас таланттарды іздестіру мақсатында 2017 жылдың желтоқсан айында «HackDay-2017» фести-валін өткізген болатынбыз. Негізі 100 адамға жоспарланған едік, бірақ 500 адамға дейін жетіп, біздің потенциалымыз, әлеуетіміз бар екендігін анықтадық. Яғни бізде программалауға, прототиптер, үлгілер жасауға мүмкіндігі бар ресурс көп екенін түсіндік. Осыған байланысты ІТ орталық ашуды облыс-әкімі өзі қолдаған болатын. Идеясы барлар осында идеяларын одан әрі дамытуына болады. Әсіресе, программистердің жұмыс істейтін уақыты – түнгі мезгіл. Сондықтан

казіргі танда түнгі ауысымды да қарастырып жатырмыз. Қазір облыс- бойынша 50-ге жуық жобаның үлгісі бар. Бұл жобалар өз кезегінде лабораториялық симуляторлар, контроллер (трамвай, электровоз және жүк көтер-гіш машиналардың жүрісін басқаратын аппарат) мен видеопанельдерде 2D, 3D графикалық жобалардан VR/AR технологиялар бойынша жасалынған бастамалады әзірлеу мен өндірістегі қолданысын тестілеуге, түрлі бағдарламалық оқу курстарын іске қоса, робототехникалық прототиптердің өндірістік жобаларын әзірлеуге мүмкіндік тудырады. Айта кету керек, бұл жерде облыс әкімі-нің жанындағы эксперттік топ жұмыс істейді. Солар нарыққа қажетті деген өнімдерді одан әрі жүзеге- асырылуына, енгізілуіне, тираждауына мүмкіндік береді-. Әйтпесе, жазылып жатқан жобалар көп болуы мүмкін. Ал оны мемлекеттік, кәсіпкерлік қолдау болмаса, ары қарай дамымай қалады, - дейді облыс- әкімі аппараты басшысының орын-басары Индира Ақжігітова.

Жалпы, мұның бәрі – халық үшін жасалынып жатқан дүниелер. Орне-ниетті елдердің бәрі бүгінде цифрландыруға қосқан ескерсек, дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Ал мемлекетіміздің өзге елдерден қалмай, алға қарай ұмтылған бастамаларын қолдау біздің міндетіміз деп білген жөн.

Жансая ЕЛУБАЙҚЫЗЫ